

Бәйтерек аудандық білім бөлімі
«Гульнафис» ЖШС «Ақбота» бөбекжайы


Бекітемін
«Ақбота» бөбекжайы
менгерушісі: Алин Ж.С.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған музыка
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Мазайка» ересек тобы

2023-2024 о.ж.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Ақбота» бөбекжайы

Топ/сынып: ересек «Мазайка»

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдау. Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Ән айту. Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары төмен) көрсете отыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Билер. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрету арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Ойындар, хороводтар. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау; қол ұстасыпшеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.

Қазан		Музыка тындау: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын – жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Ойындар, хороводтар: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы
Қараша		Музыка тындау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Ойындар, хороводтар: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау.

Желтоқсан	Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ән айту: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақстан халықтарының халық билерінің элементтерімен таныстыру. Ойындар, хороводтар: Заттармен қимылдар жасай білу, сюжетті ойындарды сахналау. Би шығармашылығы: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу. Музыкалық аспаптарында ойнау: Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.
Қаңтар	Музыка тыңдау: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Ән айту: Бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Билер: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу.
Ақпан	Музыка тыңдау: Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Ән айту: Қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Ойындар, хороводтар: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкалық аспаптарында ойнау: Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу.

Наурыз	Музыка тыңдау: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің немесе шығарманың сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Ән айту: Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау. Ойындар, хороводтар: Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Билер: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу.
Сәуір	Музыка тыңдау: Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Ән айту: Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Ойындар, хороводтар: Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету. Би шығармашылығы: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу.
Мамыр	Музыка тыңдау: Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Ән айту: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Ойындар, хороводтар: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Аспаптардың аттарын білу, олардың тембрін тану. Қарапайым әуендерді ырғақпен ойнау, ойынды әнмен сүйемелдеу.

